

Поштабайдың баласының дүнк-дүнк еткен сөзіне танытқан салқын қандылығынан сабырлылықты, шықшыттан бір соғып кескен теректей құлатқан сәтінен ұрыс тәсілін жақсы білетінің аңғардық. Оның оқиғаның әр сәтінде ойға беріліп, жазатын өлеңі жайлы толғануынан шығармашылық ізденісіне куә болдық. Сонымен қоса әріптесінің өз өлеңін басылымға бермей қайтарғаның естігендегі әрекетінен сын көтергіштігін және шығармаларың аяусыз сынайтын сыншылығын көреміз. Енді Еркебұлан десе көз алдыма, шешен, қайсар, еңбек қор, сыншы, ақын бейнесі елестейді.

Ғабит Мүсіреповтің шығармашылығы көркем әдебиеттің тамаша үлгісі. Ал жазушы Ғабит Мүсірепов шашасына шаң жұқтырмайтын хас шебер. Бұл жайында Замандасы Тахауи Ахтанов былай айтқан: «Ғабит негізінде шебер әңгімеші. Ол әңгіменің бас – аяғын шашыратпай, нақтылы бір идея төңірегінде жинақы оқиғаға құрып, сурет пен бояуды әңгіменің көлеміне лайықтап шым-шымдап, шебер, дәл пайдаланады. Қысқа репликамен, ұжымды сөзбен характерді ашып кетеді[11].» Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін түйіндесек Ғабит Мүсірепов өзін де, өзгені де қайталамаған ұлы суреткер. Қазақ әдебиетінің алғашқы беттеріне өшпестей етіп қолтаңбасын қалдырды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Тахауи А. Талант мөлдірлігі.
2. «Жетісу», 1992, 20 наурыз.
3. Мүсірепов Ғ. Суреткер парызы. А., 1970.
4. Қаратаев М. Шығармалары. А., 1978.
5. Ғ.Мүсірепов туралы естеліктер. – 323-б
6. Ғабит М. Кездеспей кеткен бір бейне. – 29-б
7. Ғабит М. Кездеспей кеткен бір бейне. – 50-б
8. Франкл В. Саказат жизни «Да!»: Психолог в концлагере. –29-б
9. Франкл В. Саказат жизни «Да!»: Психолог в концлагере. –50-б
10. Ғабит М. Кездеспей кеткен бір бейне. – 26-б
11. Ахтанов Т. Көкейкесті. А., 1980.

ӘОЖ 1751

АБАЙ МҰРАСЫ – АЛАШ БІЛІМПАЗЫ Ы. МҰСТАМБАЙҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ

Мақымет Арай

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының
4-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Қ.Р. Кемеңгер

Қазақ әдебиеттану ғылымында Абай мұрасын зерттеу ХХ ғасыр басында қалыптасып, Кеңес дәуіріне дейінгі кезеңде біршама дамыды. Абайдың өмірі мен мұрасын зерттеуде Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Зейнелғабиден ибн Әміре, Кәкітай Ысқақұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхтар Әуезов сынды тұлғалардың сіңірген еңбегі мол болды. Кеңес дәуіріне дейінгі кезеңде Абай өлеңдері жинақ болып басылып қалың оқырманға жол тартты. Абайтану саласының ғылыми негізін қалаған академик М.Әуезов: «Абайды танудың басы, алғашқы адымдары революциядан бұрын басталған... Абайдың өмірі мен ортасын еңбектерінің әр алуан сипаттарын, өз шамасынша, көпшілікке мәлімдеп отырған үлкенді-кішілі танытқыш сөздерді еске алуымыз керек» [1]- деген пікір қалдырады. Өлеңдері ресми түрде баспасөз беттерінде 1909 жылдан бастап жарық көре бастағаннан кейін Абайдың

ақындық мәртебесі асқақтай түсті. «Айқап», «Қазақ», «Абай», «Сарыарқа», «Жас азамат», «Ақжол» сынды басылымдарда 1911-1920 жылдар аралығында Абай мұрасының қазақ әдебиетіндегі озық еңбектердің бірі екендігі туралы, қазақ халқының рухани жаңа жолына бастаушы, шебер аудармашы ретінде халыққа таныту мақсатында мақалалар жарық көре бастады. Соның бірі әрі бірегейі «Қазақ» газетінде жарық көрген «Қазақ» газетінің редакторы А.Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» мақаласы.

Бұл мақаланың жарық көруі қазақ қоғамының Абайдың ақындық асқақтығын айқын аңғаруына мүмкіндік жасап, мақала авторларының көркем эстетикалық бағалау деңгейінің биік екенін көрсетті. Ал «Екеу» бүркеншік атымен жарық көрген Ж.Аймауытұлы мен М.Әуезовтің «Абайдың ақындық өнері һәм қызметі» және «Абайдан соңғы ақындар» мақалалары Абайдың философиялық ой-танымдары, қара сөздері мен аудармашылық қабілеті, Абай жолын жалғастырушы ақын шәкірттер туралы тыңғылықты зерттеулер және тың пікірлерді қалыптастыруымен Абайтану ғылымында айрықша орын алады.

Жиырмамыншы ғасырдың 20-30 жылдарында әдеби сында аты жиі аталған Ы.Мұстамбайұлының абайтану ғылымына қосқан үлесі еліміз тәуелсіздік алғанға дейінгі кезеңде ескерілмеді. Тәуелсіздік алып, алаш ақтаңдақтарын ақтап алудың алғашқы мүмкіндігі туған шақта алғашқылардың бірі болып Ыдырыс мұрасына тікелей назар аударып, ғылыми негізде зерттеу жүргізген Талғат Төлегенов Ыдырыстың Абайды сүйіп, ақындық шығармашылығына араша түсуінің өзіндік 3 себебін атап көрсетеді: «1. Ыдырыстың ата-бабасы қоныстанған жер ұлы ақын ауылымен көршілес болып, Абайға ұстаз болған Дулат, оның алдындағы Ақтамберді жырау мен Ақтайлақ би, айтыс өнерінің айтулы дүлділері Түбек пен Сабырбай, Абайдың талантты шәкірті Әріп Тәңірбергенов сияқты дарын иелері оның ағайын туыстары еді. Осы жайдың өзі оның бала кезінен Абай өлеңдерімен сусындап, Абай жайлы әңгімелермен қаныққандығын айқын білдіреді, 2. Ыдырыс ұлы ақын талай ат басын тіреген зиялылар ордасы – Семей қаласында дүниеге келіп, осы ірі ғылыми-мәдени орталықта білім алды, өмірге жолдама алды. Шәкірт кезінде Семей қалалық орыс-қазақ училищесінде оқи жүріп, 1914 жылы қаңтарда Семей қазақ зиялылары өткізген Абайдың қайтыс болуына байланысты ұлы ақынды еске алу кешіне қатысуы әбден мүмкін. Оның үстіне бұл кешке Ыдырыс жай ғана қатысушы емес ұйымдастырушылардың арасынан да табылуы ғажап емес, 3. Ыдырыс Абайдың болашақ зерттеушісі, ұлы ақынды әлемге танытқан Мұхтар Әуезовпен етене жақын араласып, қызметтес, пікірлес болды» [2].

Ыдырыс Мұстамбайұлы қоғам қайраткері бола тұра әдеби айтыстыстарға өзіндік бағасын, пікірін кәсіби әдебиеттанушылардан кем түспей бере білді. Әсіресе, Абай мұрасына қатысты туындаған айтыстарға тікелей араласып, ұлы ақын мұрасын ғылыми түрде талдап, зерттеу жүргізді. Ұлы ақынның қайтыс болғанына жиырма жыл толуына орай 1924 жылы жарық көрген «Ұлы ақын – Абай» мақаласы А.Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» мақаласымен үндес, пікірлес десек артық айтпағандық болар еді. Қысаң саясат кезеңінде, қазақ қоғамының зиялыларының өзі екіге бөлініп отырған заманда еш қорықпастан Абай шығармашылығын қорғап, ақынды «Ұлы ақын» деп жариялаған Ыдырыс көзсіз батырлығымен көркем әдебиеттің көрнекті өкілін қызғыштай қорыды. Сыншы әрі жас ғалым Ыдырыс Абай шығармаларын талдай келе, ақын шығармашылығына оң бағасын беріп, ақынның ұлылығын мойындайды.

Жиырмамыншы ғасырдың 20-30 жылдарындағы әдеби сынға қоғам мен саясат ықпалының қатты әсер етуі салдарынан жазушылар мен ақындарды тапқа бөлу белең ала бастағаны мәлім. Осы кезеңде көркем әдебиет өкілдерінің көбіне көпе-көрнеу күйе жағылып, «байшыл», «ұлтшыл» топ өкілі деген айыптар тағыла бастады. Осындай жаңылыс басу белең алып тұрған тұста Сәбит Мұқанов, Илияс Қабылов сынды сыншылар пікіріне ашық қарсылық танытып қазақ әдебиетінің қазыналы ақынын қорғап қалуға шындап кіріскен Ыдырыс С.Мұқановтың «Әркім өзінше ойлайды» мақаласына жауап ретінде «Абай» атты мақаласын жариялайды. Аталмыш

мақала «Жаңа әдебиет» журналында 1928 жылы жарық көріп, Абай шығармаларына жаңаша көзқараспен қарауға жол ашып, абайтану ғылымына жаңа серпін береді.

Өз мақаласында Ыдырыс Абайдың шыққан тегі мен өскен ортасына қарап баға берудің дұрыс еместігін ескертіп, ескіліктің арасында есті дүниелер қалып кетпеуі керек екендігін сөз етеді. «Абай партия жасады, болыстыққа таласты. Өз елінде өзіндей жуандардан жеңіліп қалған соң, сарындап өлең жазды. Өлеңдері ескілікті жоқтау, жуандықты көксеу – дейтіндер бар. Бұған алдымен жауап: ақынды болсын, кімді болсын тексергенде тек тумысын еске алып, оның сіңірген еңбегін, істеген қызметін соған қарап бағалауға болмайды. Екінші айтатынымыз: атақты ақындардың, не ғылымға таудай еңбегін сіңірген данышпандардың ішінде талайының қызықтары, талай кемшіліктері, не мүлде жиіркенішті істері, не өмір жүзінде істеген қателері болады. Қайта көргенсіз ортада өскен Абайда олардың көбінде болған сорақылық жоқ. Партияшылдығы – ортаның жемісі»[3],- деп әдеби сында көркем әдебиет өкілінің шығармашылығын таптық тұрғыда талқылаудың дұрыс еместігін еске салады. Абайдың шығармашылығын таптық тұрғыдан талқылайтын сыншыларға ақындық қарым-қауқарының, таным-түйсігінің өз заманындағылардан әлдеқайда асқақ екенін ақын өлеңдерінен мысалдар келтіре отырып дәлелдейді. Сонымен қатар, Абайдың ұстазы Пушкин, Лермонтовтар бола тұра, әдебиет жүзінде түк тәлім-тәрбие көрмесе де Абайдан ақындық, өлең қақында сандалбай қиялшыл теріс пікір таба алмайтындығымызды да айта кетеді. Бұл сөзіне дәлел ретінде жоғарыда аты аталған екі ақынның «Пророк», «Поэт» деген өлеңдеріндегі сияқты ақындық туралы сұрапыл қиялшылдық толы өлең Абайда жоқ екенін қосып айтады.

Сыншы Ыдырыс «Абай» атты мақаласында ұлы ақынның өлеңді һәм өнерді түсінуіне айырықша тәнті болады. «Міне, Абай ән мен күйді қалай таниды. Өлеңнің басы «пісіміллә» болып жүргенде, қазақ ішінде әліпті таяқ деп танитын бірен-саран адамдардың білетіні «Бақырған», «Сал-сал», «Зарқұм» секілділер болатын заманда ақындық болмаса мұндай сөз кімнен шығады?»[3],- деп Абайдың ақындығына шын тәнті болып, тіпті орыстың Державин, Козлов, Майков, Пушкиндеріне қарағанда Абайдың өлеңге деген көзқарасы дұрысырақ деп баға береді. Ыдырыс Мұстамбайұлының бұл пікірі алаш ғалым А.Байтұрсынұлының пікірімен сабақтасып келетінін аңғаруымызға болады. А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» оқулығында «Абайдан кейін сөзге талғау кіреді. Айтушы да, тыңдаушы да сөзді талғайтын болды, олай болғаны – Абай асыл сөздің айқындап нұсқаларын көрсеткеннің үстіне, аз да болса ақыл сөз сияттарын айтып та жұртты хабардар қылды. Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлеңінде жақсы өлеңнің сипаттары да, қазақ ақындары мен тыңдаушылардың жоғарыда айтылған асыл сөзді танымайтын надандықтары да айтылып, аз да болса мағлұмат берілген (Абайдың сол өлеңін оқу), сүйтіп, асыл сөздің сипаттарын білу жалғыз ақындарға емес, әр адамға керек» [4],- деп Абайдың асыл сөзді адаспай табатынына Ыдырыс таңданысымен сабақтас пікір білдіреді.

Абайдың ақындық қабілетімен қатар аудармашылық өнеріне де айырықша мән берген Ыдырыс Абай өлеңдерінің әдемі жерлерінің бірі – жасаған аудармалары екендігін айтады. Тіпті Абай шығармашылығына терең үңілгені соншалық: «Тек перевод көзімен қарағанда құбылжытпай өте дұрыс жасалған переводтары мыналар: 1. Көңілім менің қараңғы бол-бол ақын, («Еврейская мелодия» - из Байрона). 2. Тұтқындағы батыр – «Пленный рыцарь». 3. Қанжар – «Кинжал». 4. Рахат мені тастап қоймадың тыныш – «Хоть давно мне изменила радость». 5. Жолға шықтым бір жымжырт – «Выхожу один я по дороге». 6. Парус – «Парус». 7. Асау той, тентек жиын – «Казот». 8. Дұға – «Молитва». Орысша білетін жігіттер осы переводтарды Лермонтовтың өз өлеңдерімен салыстырып қараса, Абайдың шеберлігіне өздерінің көздері жетеді» [4], - деп Абай аудармаларын санамалап талдап өтіп, ақынның аудармашылық қабілетіне еш күмән келтірмейтіндігін жеткізеді. Әсіресе, ақынның тілін, жеткізгісі келген ойын, өлең мағынасын өзгертпей көркем жеткізу үшін аударып отырған

адамның өзі нақ ақын болуы керек екендігін айтады. Осы тұрғыдан да Абайдың ақындық тұлғасының асқақтығы аударма саласында да алға тартқандығын аңғаруымызға жол ашады. Мақаласында сыншы Абайдың жалпы идеологиясын бір шолып өтіп, пәлсапалық сөздерінің астарлы ойларын ажыратып ашып беруге талпыныс жасайды. Өз заманындағы сыншылардың арасында Ыдырыстың Абай шығармашылығына жүргізген зерттеуі – ғылыми тұрғыдан терең, берген бағасы – әділ, ұсынған талдауы - орынды һәм дұрыс деп білеміз.

Ы.Мұстамбаев І.Қабыловтың «Қазақ ақыны Абайдың философиясы және оның сыны» мақаласына жауап ретінде жарық көрген «Ақын Абай және пәлсапашыл Ілияс туралы» атты мақаласында Абай философиясы мен Абайдың мәдени мұрасының маңыздылығы туралы сөз қозғайды. Сыншы Абай шығармаларындағы кейбір философиялық ой пікірлердің өз заманымен бірге ескіріп қалғандығын мойындайтынын айтып өтіп, дегенмен Абай өлеңдері арқылы әдебиетімізге тұңғыш рет нәзік лириканы, элегияны, сонымен қатар толғауды ала келіп, сол арқылы рухани қорек іздеген қазақ халқын жаңа бағытқа бастап, талғам-түсінігін тыңнан тәрбиелеп шыңдап өсіргенін мойындауға шақырады. Абай шығармашылығына орыстың ұлы жазушылары мен ақындарының тигізген ықпалын да тілге тиек етіп: «Бұл арада Абай өзінің биік тарихи миссиясын орындап шықты. Асқан оқымысты маркстіліміз Покровскийдің Пушкин жөнінде айтқан: «Біз Пушкинді ұлы орыс тілін іріктеп-сұрыптап жасап бергені үшін жақсы көреміз», - деген сөзін Абай жөнінде біз де қайталап айта аламыз» [5], -деп Абай деңгейін Пушкиннен кем көрмейтінін ашық жеткізеді.

Абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлы Абай мұрасының жалпы адамзаттық құндылығы туралы айта келіп былай дейді: «Әр пенде тазару үшін Абайды оқу керек. Ұрпақ рухын ояту үшін абайтану ғылымын меңгеруі қажет. Оны шын меңгерген адам еш уақытта: қараулық, жаулық, ұрлық жасамайды. Жан дүниесі таза болады» [6]. Расында, Абай мұрасындағы тұлға тұтастығы, адам болмысы туралы ойлардың жалпы адамзат баласы үшін маңыздылығы жоғары екендігін түсіну, түсіндіре білу әдеби сын мамандарының озық жетістіктерінің бірі болар еді деп ойлаймын. Ыдырыс Мұстамбайұлы шығармашылығындағы Абайдың ақындық, аудармашылық қабілетінің әділ бағалануы Ыдырыс Мұстамбайұлының өз заманындағы талғамы биік сыншы екендігінің айқын дәлелі деп білемін. Абай шығармашылығының телегей теңіз түбіндегі таусылмас қазына екендігін, Абай лирикасының нәзік әуені бүкіл қазақ жерін ғана емес, күллі әлемді баурап әкететінін жете түсіну, түсініп қана қоймай, нәрін алған сайын мейлінше тереңірек үңілу – бүгінгі қазақ әдебиеттанушыларының борышы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Әуезов, М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа / М. Әуезов. - Алматы: Санат, 1997. - 416 б.
2. Төлегенов Қ.Т. 1920-жылдардағы қазақ әдеби сыны және Ыдырыс Мұстамбаев: филол. ғылымд. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дис. Авторефераты // М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. – Алматы, 2007. - 16 б.
3. Мұстамбайұлы Ы. Ұлы ақын – Абай // Қазақ тілі, 1928, - №7-8.
4. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», - 2013. Т. I, 154-155 бб.
5. Мұстамбайұлы Ы. Ақын Абай және пәлсапашыл Ілияс туралы // Еңбекші қазақ, 1929, 10,11-қаңтар.
6. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы / Құраст.: С.Қалиев, Қ.Аюбай – Алматы, 2008. Т.5 – Қазақстанның Ресейге бағыну кезіндегі тәлімдік ойлар және ағарту ісінің жайы – 448 б.
7. Мұстамбайұлы Ы. Ұлы ақын – Абай // Қазақ тілі, 1924, 1-қаңтар.

8. Абай шығармашылығы туралы 1920-1930 жылдардағы пікірталас // ҚР БҒМ, ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. Алматы, 2006. № 2. Бб. 62-66.

ӘОЖ 1751

ЗАМАНАУИ ӘДЕБИ ҮРДІСТЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИ СЫН

Матаева Асыл Қамчыбекқызы

asyl_mataeva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ D058 - Әдебиеттану БББ докторанты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор С.Б.Жұмағұл

Еліміз егемендік алған уақыттан бастап ғылымның басқа салалары сияқты қазақ әдебиеттануы да қазіргі заман талаптары тұрғысынан өткені мен бүгінін, өз бағыт-бағдарын қайта пайымдап, баға беруде. Осы бағыттағы ізденістер: көркем әдебиеттің қазіргі эстетикалық сипатын, қазақ әдебиеттану тарихының басты дәуірлерін, яғни оның туу, қалыптасу кезеңдерін түбегейлі зерттеу, әдеби сынның, әдебиет теориясының ғылыми-әдіснамалық мәселелерін ғылыми саралау маңызды қадамдар болып табылады. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев: «Тәуелсіздік бізге бұрын соңды көрмеген орасан зор мүмкіншіліктер берді. Біздің санамызды, зейін-зердемізді, жанарымызды тұмшалап келген бірталай көнерген сарқыншақтардан, теріс пайым-ұғымдардан арыла алмағанымызға да күмән жоқ» деген еді [1, 43 б.]. Шын мәнінде, тәуелсіздік туын көтергелі сөз өнері саласында тың көзқарастар пайда болып, әлемдік деңгейдегі әдебиетпен тереземізді теңестіруге бет бұрдық. Заманауи қазақ әдеби сыны да соны өзгерістермен жаңғырып, мақсат-міндеттері және қызметі ұлттық мүдде тұрғысынан айқындалды және құнды зерттеулермен толысты. Әдеби сынның ғылыми әлеуетін анықтаған, оның теориялық сипатын, ерекше белгілері турасында елеулі еңбектер жасалғаны белгілі.

Қазақ әдеби сынының тууы, қалыптасуы, жүйеленуі, тарихы қазақ әдебиетінің көрнекті ғалымдары М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, Ә.Тәжібаев, М.Қаратаевтар және т.б. есімдерімен тығыз байланысты. Сонымен қатар кейінгі толқын З.Ахметов, З.Қабдолов, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, Р.Нұрғалиев, Ш.Елеуқенов, З.Серікқалиев, Ә.Кекілбаев, Т.Тоқбергенов, Д.Ысқақов, Ж.Дәдебаев, Б.Кәрібаева, С.Әшімбаев, Б.Майтанов, Б.Ыбырайымұлы, Т.Шапай, т.б. ғалымдардың сын мәселелеріне қатысты еңбектері маңызды болып табылады. Сонымен қатар қазіргі заманауи әдеби дамудың өзіндік ерекшеліктерін зерделеудегі Т.Әсемқұлов, Ә.Бөпежанова, Ә.Қодар, А.Кеңшілікұлы, Ә.Әліәкбар, Д.Амантай, Ұ.Еркінбай, А.Нұрғазы, Ә.Жақулаев т.б. сын мақалаларының маңызы зор.

Қазіргі әдеби сын ұлттық әдебиеттің дамуына және оның эстетикалық, көркемдік-идеялық міндеттерін бағамдауға, әдебиетіміздің келешегін, бағыт-бағдарын белгілеуде зор үлес қосуда. Қазіргі қазақ әдебиеті көркем туындылардың эстетикалық қызметі, шығармашылық әдістер мен стильдердің алуан түрлігі және авторлардың шығармашылық даралығымен айқындалып отыр. Әдебиеттегі заманауи үрдістер: постреализм, нео-сентиментализм, модернизм, постмодернизм, структурализм, концептуалдық және т.б. бірқатар әдеби құбылыстардың пайда болуы немесе қайта саралануымен байланысты кодтардың трансформациясы орын алады.

Негізінен реалистік принциптерге сүйенген қазіргі проза әлеуметтік, идеологиялық және эстетикалық тұрғыдан бір сарынды еместігімен сипатталады, бұл оның өзара байланысқан көптеген ағым-бағыттарға бөлінгенін байқатады. Бір кездері қатып қалған қағидадай болған реалистік принцип енді қазіргі қоғамдық-әлеуметтік ахуалдың ықпалымен өзгеріп, күрделеніп,